



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қолданылған әдебиет

1. ҚР Статистика комитетінің ресми сайты// stat.kz
2. Демографический энциклопедический словарь /Гл.ред. Валентей Д.И. М.:Советская энциклопедия – 1985
3. Г.Меңдіғұлова. Қазақ диаспорасы // <http://baq.kz/diaspora/339>
4. Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда: Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 264 бет.
5. <http://www.massagan.com/forum.php?mod=viewtopic&topicid=1602>
6. <http://mongolianislam.mn/kz/?p=3056>

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСИ ІЛІМДЕР ТАРИХЫНДАҒЫ ДАМУЫ

Газизова Гульзира Зейнетоллаевна

gulzira777.kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.К. Тулебаева

Әр істе табысқа кенелу төзімділік пен баяндылыққа байланысты болып келеді және төзім болмаса, табыс пен жеңіс қолға оңай түспейді. Ғылым мен білім жолында және табиғаттың құпияларын ашу үшін қажырлы еңбек етіп, қиындықтарға төзген данышпандар аз емес. Олар сол еңбегінің арқасында жоғары ғылыми дәрежелерге қол жеткізген. Сондай-ақ өзінің ұстамдылығы мен еңбек етуінің арқасында жағымсыз әдеттер мен сипаттар орнын игі сипаттармен ауыстырған адамдар да кездеседі. Мұндай кісілер нәпсі құмарлар мен азғындыққа бастайтын әулекі алдында төзімді болып, мықты және құнды адамдарға айналған. Қоғамдағы жағдайды жақсартуға талпыну да төзімділікті қажет етеді. Қоғамды түзетуде оң қадамдар жасап, оны бақытқа жетелейтін кісілер қарсыластардың бөгет жасаулары, мазасын алуы және былапыт сөздеріне қарап тұрып, түрлі қиындықтарға төзіп, түпкі жеңіске дейін қайсар болуы керек.

«Толеранттылық» ұғымы алғаш рет 1953 жылы медицина саласында пайда болған. XX ғ. 80-ші жылдардың аяғында саяси термин ретінде ресімделген, ол «төзімділік» ұғымының синонимі болып табылады [1, 143 б.]. «Толеранттылық» ұғымын білімнің әр саласында қолданады: философия, теология, медицина, психология, әлеуметтану, саясаттану және т.б. «Толеранттылық» терминінің этимологиясы латынның **tolero** – «арқалау», «ұстау», «төзу» деген етістігінен шыққан. Бұл етістік қолда қандай да бір затты ұстап, арқалауда қолданылған. Сонымен қатар сол затты ұстап, тасу үшін адам белгілі бір күш жұмсау керек, төзу керек. Бұл термин латыннан басқа тілдерге көшкен. Д.Н. Ушаковтың редакциясымен шыққан орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «толеранттылық –tolerant француз тілінен аударғанда төзімді дегенді білдіреді» [2]. В.И.Дальдың сөздігінде «төзімділік» сөзі біреуге немесе бір нәрсеге мейіріммен, қамқорлықпен ғана төзу, шыдау деп көрсетілген [3]. Бұл терминді осындай көзқараспен қазіргі заманғы сөдіктердің көбісі қарастырады. Мысалы, А.М. Прохоровтың редакциясымен шыққан «Советтік энциклопедиялық сөздік» «толеранттылықты» басқалардың ойы, сенімі, іс-әрекетіне төзімділікпен қарау деп талдайды [4]. «Толеранттылық» термині ағылшынның – tolerance түсінігінде кең таралған, онда ол төзімділікпен қатар рұқсат ету деген мағынаны білдіреді [5]. Екі терминді салыстырып қарағанда басқа адамға немесе құбылысқа төзудің шегі, шекарасы, шамасы идеялары көрініс табады. А.П.Садохинның пікірінше, әртүрлі ұлттардың толеранттылықты түсінуі тарихи тәжірибесіне байланысты әртүрлі және сан қилы қарым-қатынас, көңіл-күй түрлерін білдіреді [6]. Осылайша, ағылшын тілінде толеранттылық «тұлға мен затты қарсылықсыз қабылдауға қабілетті, дайын екендігін», француз тілінде бұл термин «басқаның

бостандығын, оның ойлау мәнерін, іс-әрекетін, саяси және діни көзқарастарын сыйлау» дегенді білдіреді. Қытай тілінде толеранттылық таныту – «рұқсат ету, басқаларға қатысты кеңпейілділік таныту» мағынасын береді. Осы тұста толеранттылық терминінің ең кең сезім мен қарым-қатынас үйлесімділігін араб тілінен байқаймыз, мұнда термин «басқа адамдарға деген кешірім, мейірім, жұмсақтық, аяушылық, мейірбандықты» білдіреді, ал персиялық тілде толеранттылық «төзім, шыдам, қарсыласымен татуласуға дайын екендігін» білдіреді.

Төзімділік, басқарушының басқа адамға мейіріммен қарауы туралы шарттар көне тарихи ескерткіштерде кездеседі. Мысалы, Ежелгі Египетте б.з.д. XXVIII ғасырдағы саяси-діни «Птахотепа ілімдері» деген құжатта басқарушы мен төменгі тап арасында жақсы қарым-қатынас болуы керек екендігі айтылған. Вавилон патшасы Хаммурапи заңдарында (б.з.д. ХУІІІ ғ.) билеуші қатал, бірақ әлсізді ренжітуге жол бермейтін, жетім мен жесірлерге қамқорлық көрсететін, қол астындағыларға әділетті әке ретінде суреттеледі. Ежелгі Үндістанда адамдар арасындағы әділеттілік, толеранттылық идеясы бар басты рухани мәдениет ескерткіші болып қасиетті «Веда» жазулары қызмет еткен. Олардың әсері «Ману Заңдары», немесе «Манавадхармашастрда» көрініс табады (б.з.д. YI-III ғ.ғ.). Бұл дерекнамада адамзат өмірі мен тұрмысы, қоғамдық басқару ережелері мен заңдары, діни-философиялық және моральдық заңдар жиынтығы бар, бір сөзбен айтқанда «дхарма». Толеранттылықты сипаттайтын дхарманың басты белгілеріне мыналарды жатқызуға болады: «...мейірімділік, бой ұсынушылық, жуастық, сезімді ауыздықтау, ақылдылық, саналылық, әділеттілік және ашуға бой алмаушылық...» [7]. Заңдардың біразында ahimsa принципін ұстану қажеттілігі нақты көрсетілген, яғни, барлық тірі және момындарға зиян келтірмеу. Толеранттылық идеясы ежелгі үнді мәдениетінің басқа да шығармаларында кездеседі. «Махабхарата» эпосында (б.з.д. Y ғ.) даналылық қорғаушысы Бхимшма өлім алдында жатып: «Адам басқалардың қандай іс-әрекетінен жеркенсе, өзіне тілемесе, басқа адамдарға да ондай әрекет жасамасын» деп өсиет қалдырған екен. [8]. Әлеуметтік-саяси және өнегелік ілімде ежелгі қытай ойшылы Конфуцийдің толеранттылық идеясымаңызды орын алады. Адамның мінез-құлқымен қатар, оның сын сипатына байланысты бұл ілімде бір ереже бар, ол – жень. Өз мағынасында төзімділік, толеранттылыққа жақын. Оның мәнін келесі пайымдаудан білуге болады: «Цзы-Гунь: өмір бойы басшылыққа алуға болатын сөз бар ма? Философ: Бұл мейірімділік. Өзің қаламайтынды басқаға жасама» [9, 72 б.]. Осыған ұқсас пайымдаулар грек даналары Питтак пен Фалеске тиесілі. «Қалай ең жақсы да әділетті өмір сүрсек болады?» деген сұраққа, Фалес: «Басқалардың бойынан жеркенетін затты біз өзіміз жасамаған жағдайда» деп жауап берген. Уақыт өте келе бұл ереже өзгеріске ұшырап адамгершіліктің «алтын ережесіне» айналды. Ол келесідей айтылып жүр: «адамдар саған қалай қарағанын қаласаң, сен де оларға солай қара» немесе «басқалар саған жақсы ниетпен қарасын десен, өзің де оларға жақсы ниет таныт».

Августин Аврелий (345-430 гг.) өз көз қарастар жүйесіне толеранттылық элементтерін қосуға тырысты. Жастарға өмір заңдарын, ережелерін айта отырып «мансапқорлық, қызғаныш, жек көрушілік, өшпенділіктен» аулақ болуға кеңес береді. Өз өсиетін былай деп қалдырған: «Адамдармен қарым қатынаста тек мына бір мәтелді есте сақтаса жетеді: әркім өзіне қаламайтынды басқа ешкімге жасамасын» [9, 73,74 б.].

«Толеранттылық» ұғымының мәні қазақ тілінде өте терең; ол шыдамдылық, төзімділік, байсалдылық, кісілік, ізгілік, келісім табу деген мағыналарды білдіреді. Толеранттылыққа, яғни төзімділікке қарсы «интолеранттылық» деген ұғым бар; ол адам, әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты ымырасыздық, шыдамсыздық, тағатсыздық, кейістілік, менмендік, оспадарлық, парықсыздық деген мағыналар пайдалынылады. Толерантты парасаттың үлгісі қазақ билерінде кеп кездескен. Мысалы, Қазыбек бидің қалмақ ханы Қоңтайшыға айтқан «біз қазақ деген мал баққан елміз» — деп басталып, «достығымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз» деген сөздер өзара сыйластыққа шақырады.

Бүгінде біз «толеранттық» терминін жиі аузымызға аламыз. Немесе төзімділік, шыдамдылық, көнбістік, тағаттық, төзгіштік сабырлылық деген сөздермен алмастырып

қолданамыз. Бұны әдетте «шыдамдылық, төзімділік» деп түсініп, жағымды қабылдаймыз. Дегенмен толеранттықты момындық, жігерсіздікке балап, сынға алатын пікір де жоқ емес.

Толеранттылық – бөтен өмір салтына, тілге, мәдениетке, тәртіпке, әдеп-ғұрыпқа, сезімдерге, пікірлерге, идеяларға, сенімдерге төзімділік. Әлдебір нәрсеге төзу, оны хош көру. Толеранттылық – саяси плюрализм қағидаты. Мұндай қасиетке ие жан басқа адамның ерекше, бәлкім, жат болып көрінетін өмір салтын, мінез-құлқын, салт-дәстүрін, сезімін, идеялары мен нанымын мақұлдасаса да, оған түсіністікпен, сабырлықпен қарайды.

Толеранттылық көзқарас басқалардың тату-тәтті өмір сүру және өздерінің жеке-даралығын сақтау құқықтарын мойындауды білдіреді. Толеранттылық дегеніміз – күрделі қоғамдастықтарды ұйымдастырудың аса маңызды қағидаты. Осы қағидатпен халықтың әртүрлі этностық, нәсілдік, діни топтары қатар өмір сүрмек, осы ұстаным бойынша, бейбітшілік пен әлеуметтік ортаның көп өлшемді болып табылатынын түсіну, демек, бұл дүниеге көзқарастар да әртүрлі екенін және бұл көзқарастар бірыңғайлыққа немесе әлдебіреудің пайдасына келіп сайымауға тиіс екенін түсіну қоғамдық өмірдің тиісті нормасы болуы тиіс.

Толеранттылық әртүрлі этностық топтар арасындағы қатынастарда орныққан жауапкершілік, сондықтан мұның 140-тан астам ұлт өкілдері тұратын Қазақстан үшін де ерекше терең мәні бар. Аумағында әртүрлі ұлттардың ұзақ уақыт бойы бірлесіп тұруы кезінде қалыптасқан толеранттылық туралы Қазақстанда өзіндік түсінік түзіліп шықты. Қазақстан үшін «толеранттылық» ең алдымен, халық санасының жазылмаған нормасы, этностық қатынастардың аксиомасы және қоғамның адамгершілік тұтқасы болып табылады; толеранттылық, ең алдымен, сенім, өзара құрмет, ынтымақ және мәдениет аралық диалог арқылы ашылады. Оның түп негізінде құндылықтардың ортақтығы, мүмкіндіктердің теңдігі және дәстүрлер мен патриотизм, жаңару, жарыстастық пен жеңістің синтезіне негізделген ұлттық рух жатыр. Қазақстандықтар үшін толеранттылық – тату көршілік, достық, өзара түсіністік, өзге пікірді қабылдау.

Мифтердегі төзімділік идеясы мен төзбеушілік ұстанымдары мифологиялық қаһармандар архетипі арқылы тоғысады. Бұндағы төзімділік адамгершілік қағидаттарымен өлшенсе, төзбеушіліктің өзі екі мағынада қолданылады. Жағымсыз мағынасында зұлымдыққа қарай бағдарланса, жағымды мағынасында ел қорғау, өзгеге жәрдемдесу т.б. құбылыстар арқылы айқындалады.

Әл-Фарабидің пікірінше, Қоғамның әрбір мүшесі оның саны мен алып жатқан аумағына қарамастан, олардың адамгершілік қырларын анықтайтын өздерінің әрекеттеріне сәйкес құрылатын әр түрлі индивидтерден құралады, сол қоғамның өзі әр түрлі индивидтер мен топтардың қажеттіліктерімен құрылатындығына, оларға өзара қарым қатынас пен өзара байланысты реттеп отыратын белгілі бір тәртіп пен жүйе талап етілетіндігіне қарамастан қоғам құрылады.

Бір сөзбен айтқанда, оларға әр түрлі мінез-құлық тән екендігіне, олардың әртүрлі әсерлер бойынша толқитындығына байланысты адамдардың бір-бірінен айырмашылықтары болады. Бірақ, кей жағдайда кездесетіндей, адамдар тәуелсіз және бірін-бірі жек көретін жағдайларда олар бірдей өмір сүре алмайды, өйткені, жоғарыда айтқандай, адамдар ұжымдасқан, бірлескен қызметтер арқылы өмір сүреді. Бұдан адамдар өмір сүруге кесел келтіретін әсерлерге тап болғанмен, ақылды басшылыққа алып, сол сәтте өзара көмекке мұқтаж болады, олардың арасындағы келісім болуы қажеттілігі туындайды.

Бұндай келісімдердің нәтижесінде заңмен бекітілген белгілі бір тәртіптер, мінез-құлық нормалары пайда болады, әл-Фарабидің ойынша, сөйтіп, қала басшысы мен оның ізбасарлары тағайындалады.

Өзара төзімділік, бөтенді шеттетпеу, толеранттық мінез таныту мәселесі XVI ғасырда Еуропада діни қозғалыстар мен діни жіктіктерге байланысты туған. Лютеран, протестант пен католиктерді бірін – бірі жатсынбауға арналған деректер, заңдар қабылданып, бөтен діндерді қудалауға, үстемдік жүргізуге тыйым салынған. Бірте – бірте діни конференциялардың біржақты төзімділігі өзара діни төзімділікке, діни салт – жораларды еркін атқаруға, діни

сенім еркіндігіне негізделе бастаған. Бөтен дінге рұқсат беруден оны сыйлауға, адамның діни сенім құқының маңызды тірегі ретінде мойындалған. Өзара сыйластық, толеранттық сананы әкімшілік, авторитарлық жолмен енгізуге болмайтындығына көз жеткізілген. Сөйтіп, дінді уағыздаушылардың билігіне шек қойыла бастады.

Утопист социалистер сол дәуірдегі қоғамға деген төзбестіктен басқа бір идеалды қоғамның үлгісін жасап ұсынды. Ол қоғамда әділеттілік, төзімділік, өзара сыйластық т.б. ұстанымдар басты орынға шығарылды.

Қазақ дүниетанымында төзімділікке байланысты сыйластық, кішіпейілділік, түсіністік, шыдамдылық сияқты ұғымдар мен түсініктер жүйесі көне түркілік дәуірлерден бастап, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Сонымен қатар, төзімділік пен төзбестіктен, немесе өзгенің төзімсіздігінен ұлттық таным-түсінікте намыс ұғымы да бар.

Толеранттылық парасаттың үлесі қазақ билерінде көп кездеседі. Мысылы, Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтайшыға айтқан «біз қазақ деген мал баққан елміз» деп басталып, «досымызды сақтай білген елміз, дәм тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз», «...берсен жөндеп бітімінді айт, не тұрысатын жерінді айт!» деп аяқталатын сөздер өзара сыйластыққа шақырады.

Қазақ билері «Төремін деп тепсінбе. Төре мен құл майданда, кәрі мен жас ақылда, бай мен кедей мырзалықта, барлық адам көр мен қаза жауабында теңеледі», - деп, адамдардың намыс, ақыл – парасатпен теңесетінін айтқан.

Қарама – қарсы беталыс, бағыт, пікір, идеялар қай мемлекет пен қоғамда да бар. Халықтың даналығы, ел басқарудың өнері осы тенденцияларды белгілі мәмлеге келтіріп, асауға тұсау салып, үйлесім, жарасым табуда. Толеранттылық келісім тарихтың мәңгілік сыйы емес, себебі күнделікті дамудан туып отыратын қайшылықтар біржола шешілмейді. Сондықтан «толеранттылық», «тұрақты» қоғам деген ұғымдар шартты түрде ғана қолданып, жайбырақаттылыққа жол берілмеуге тиісті.

XX ғасырдағы философиялық ағымдарда төзімділік мәселесі тікелей қозғалмаса да, жалпы мәселелерге енгізілген еді. Атап айтқанда, прагматизмнің ақиқат мәселесі, неотомизмдегі дін мен ғылымның біргілі, психоанализдегі бейсаналық пен саналықтың келісімі т.б. конвенционалистік ұстанымдарды атап өтуге болады.

Қазіргі уақытта толеранттылық қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Ол көптеген себептермен түсіндіріледі: әлемдік өркениеттің экономикалық, әлеуметтік, моральдық және басқа да сипаттарда қатпарлану және осыған байланысты төзімсіздіктің, діни экстремизмнің шиелінісуі; босқындар мәселесі, моральдық парадигмалардың ауысуы және тағы да басқа. Осыған орай 1995 жылы БҰҰ «Төзімділік принциптері декларациясын» қабылдады. Бұл халықаралық құжатта тек адамдардың қазіргі және болашақтағы бірлесу принциптері ұсынылып қана қоймай, оларды жүзеге асыру жолдары ұсынылған. Мұнда адамаралық қатынастардың негізгі ұғымының мәні ашылған. Ол толеранттық және төзімділік.

«Толеранттық – адамдардың, қауымдастықтардың, мемлекеттердің, басқа біреулердің ойын түсінуге және сыйлауға қабілеттілігі. Ол адамның бостандықтар мен универсалды құқықтарының негізінде қалыптасатын белсенді қарым-қатынас. Толеранттық- күштілер мен ақылдыларға, өз қабілетіне сенімділерге тән. Осыған орай, 1996 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы 16 қарашаны төзімділіктің халықаралық күні ретінде белгілеген болатын.

Сондай-ақ, 2008 жылы 7 қазанда төзімділік пен келісім бойынша Еуропалық кеңес Парижде құрылған болатын. Ол нәсілшілдік кемсітушілікке, антисемитизмге, ксенофобияға т.б. қарсы күресу үшін құрылған бейбітшіл саяси-әлеуметтік құрылым болды. Осыған байланысты төзімділіктің арнайы медалі де тағайындалған болатын. Бүгінгі күнгі саясат пен халықаралық қатынастар, бейбітшілік сүйгіштік пен ынтымақтатықтың барлық түрлері осы төзімділікке бағдарлануы тиіс болып табылады. Себебі, бүгінгі адамзат бұдан басқа жол жоқ екендігін ұғынып келеді.

Қолданылған әдебиет

1.Гумилев Л. Н. Этнография и биосфера Земли//АСТ, Астрель. 1997, 512 с.

2. Толковый словарь русского языка. В 4-х т. / Сост. В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Б.А. Ларин и др.: Под ред. Д.Н. Ушакова. М.: Русские словари, 1994. (Переизд.).
3. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка (в 4-х томах). Репринтное воспроизведение издания 1903-1909 гг. осуществленного под ред. Проф. И.А. Бодуэна де Куртенэ. –М.: Прогресс-Универс, 1994. Т.4..
4. Советский энциклопедический словарь / Гл. ред. А.М. Прохоров; редкол.: А.А. Гусев и др. –Изд. 4-е. –М.: Сов. Энциклопедия, 1987. С. 1341. 14 Современный словарь иностранных слов: Ок. 20 000 слов. СП б.: Дуэт, 1994. –752 с
- 5.15 См.: Мюллер В.К. Англо-русский словарь. 70 000 слов и выражений. –М.: «Сов. Энциклопедия», 1969. С. 792..
6. Садохин А.П. Толерантное сознание: сущность и особенности // Толерантное сознание и формирование толерантных отношений (теория и практика): Сб. науч. - метод. ст. –М.; Воронеж: Изд-во НПО «МОДЭК», 2002. –С. 23-24.
7. Законы Ману. –М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2002. –496с. Гл. VI. 92..
8. «Махабхарата». - Ашхабад, 1961. –Кн. XII. –С.354.
9. Гусейнов А.А. Социальная природа нравственности. –М.: МГУ, 1974.

ГЕОСТРАТЕГИЧЕСКИЕ ИНТЕРЕСЫ ПРИКАСПИЙСКИХ СТРАН В ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ СФЕРЕ

Галямова Марьям Ибрагимовна

galyamova_maryam@mail.ru

студентка 4 курса факультета журналистики и политологии

Онучко Татьяна Юрьевна

магистрантка 1 курса факультета международных отношений

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Ключевым фактором, во многом определяющим состояние и развитие экономического потенциала Каспийского региона и оказывающим также влияние на геополитические процессы вокруг него, выступают углеводородные ресурсы.

На сегодняшний день в регионе Каспийского моря развернулся активный процесс налаживания экономического сотрудничества с транснациональными компаниями, подписан ряд крупных инвестиционных соглашений по добыче и транспортировке нефти и газа. Одна из существенных закономерностей развития мировой экономики – постоянный и быстрый рост производства и потребления энергии, прежде всего за счет невозобновляемых энергоресурсов – угля, нефти и газа.

Недра Каспийского региона еще с советских времен достаточно детально изучены на нефтегазоносность, несмотря на то, что добыча здесь велась в ограниченных объемах[1]. На шельфе Каспия открыто 20 нефтегазовых месторождений и выявлено более 250 перспективных нефтеносных участков, правда, эксперты оценивают вероятность обнаружения там коммерческих запасов нефти в 15-20%. Прогнозные ресурсы каспийских месторождений нефти составляют 24-26 млрд. тонн (10% мировых запасов), газа – 8300 млрд. кубов. Большая часть углеводородных ресурсов приходится на Казахстан и Туркменистан, соответственно 92 и 38 млрд. баррелей нефтяного эквивалента. Доля России в запасах углеводородов составляет 7 млрд., Ирана – около 15,1 млрд., Азербайджана – примерно 32 млрд. баррелей нефтяного эквивалента[2, С. 54].

По оценкам британской нефтегазовой компании «BP», доказанные запасы нефти в Каспийском регионе составляют около 30 млрд. тонн, или 19% мировых доказанных запасов нефти, а доказанные запасы природного газа - 145 трлн. кубометров, или 45% мировых доказанных запасов природного газа. Согласно же прогнозам председателя совета директоров российской компании «Лукойл» Валерия Грайфера, к 2021-2024 годам добыча